



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

*2021 жылғы 19 маусым*  
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 198  
город Нур-Султан

**«Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық қаржы  
есептілігін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 11.2-тармағының 4) тармақшасына және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 маусымдағы отырысының №04/21 хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоғамның (010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, БСН: 190440027002, ЖСК: KZ2284905KZ002474691, БСК: NURSKZKX) 2020 жылғы жылдық қаржы есептілігі бекітілсін.

2. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 324 483 509 (үш жүз жиырма төрт миллион төрт жүз сексен үш мың бес жүз тоғыз) теңге көлемінде Қоғамның таза кірісі оның негізгі қызметінің дамуына жіберілсін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Е.М. Қосубаев:

1) жылдық қаржы есептілігі бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілікті жүргізу жөніндегі депозитарийге жіберілуін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Қоғамның 2020 жылғы жылдық қаржы есептілігі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Есепті 2020 жылда Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне Жалғыз акционердің өтінімдері түспегендігі атап өтілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіз: «Гранд-Приоритет Плюс+» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне жүргізілген аудиттің 2021 жылғы

5 мамырдағы қорытындысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 18 маусымдағы № КГИП-03-КГ/4766 келісім хаты.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі



А. Райымқұлова